"Азаматтық авиация академиясы"АҚ түлегі моделі

ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МОДЕЛІ
6В07113 - Авиациядағы көлік процестерінің технологиясы
(БАКАЛАВР)

Білім беру қызметі

- МЖМБС
- IATA, ICAO талаптары
- Кәсіби стандарт

Қауіпті жүктерді әуе көлігімен тасымалдау

Кәсіби қызметі

- Ұлттық біліктілік шеңбері
- Салалық біліктілік шеңбері
- Жаңа мамандықтар атласы

Кәсіби құзыреттері

Құзыреттері

Жалпы мәдени құзыреттері

Халықаралық сертификаттар:
Қауіпті жүктерді әуе арқылы тасымалдау (7.2, 7.4, 7.5 функционалы);
Ұшқышсыз ұшу аппараттары (2 категориясы);
Әуежайда перрондық қызмет көрсету;
Әуе көлігімен жолаушылар тасымалын ұйымдастыру.

Қалыптасатын оқыту нәтижелері

Оқытудың нәтижесі № 1

Ұлттық тарих пен мәдениеттің терең жүйелі біліміне, әлеуметтік-саяси құбылыстарды түсінуге, әлемнің ғылыми бейнесін білу тәжірибесіне негізделген рухани-адамгершілік және азаматтық ұстанымға ие.

Оқытудың нәтижесі № 2

Мемлекеттік тілді меңгерудің коммуникативтік дағдыларын және ұлтаралық/халықаралық қарым-қатынас тілдерінің бірін (орыс, ағылшын) қолданады, ойлар мен идеяларды ауызша және жазбаша түрде еркін баяндайды.

Оқытудың нәтижесі № 3

Жүк тасымалдаудың заманауи логистикалық жүйесінде көлік кешенінің жұмысын және оның тауар нарығының логистикалық инфрақұрылымымен және көлік қызметтері нарығымен өзара іс қимылын ұйымдастырады.

Оқытудың нәтижесі № 4

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау туралы нормативтік актілердің талаптарын орындайды, жүктермен жұмыстарды қауіпсіз орындау және оны қоймаларда сақтау нормаларын, әдістері мен тәсілдерін сақтайды.

Оқытудың нәтижесі № 5

Әуе көлігімен тасымалдау кезінде жолаушыларға қызмет көрсетудің белгіленген тәртібінің бұзылуына, багаждың жоғалуына, ұрлануына және бүлінуіне тергеу жүргізеді.

Оқытудың нәтижесі № 6

Өз учаскесінде технологиялық шешімдерді қолданады және басқарушылық шешімдерді негіздейді, әуе көлігінде жүктерді және жолаушыларды тасымалдау бойынша практикалық ұсынымдармен жұмыс істейді, билеттерді брондауды орындайды.

Оқытудың нәтижесі № 7

Ұшаққа әуежайға қызмет көрсету, оны түсіру немесе тиеу мәселелері бойынша межелі әуежайдың хандлинг агенттерімен өзара іс-қимыл жасайды.

Оқытудың нәтижесі № 8

Тасымалдау процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды әзірлеу үшін метрологиялық қамтамасыз ету негіздері бойынша ұйымдастырушылық және әдістемелік білімді қолданады.

Оқытудың нәтижесі № 9

Экономикалық тиімділік және экологиялық қауіпсіздік көрсеткіштерін ескере отырып, көлік міндеттерін шешудегі басымдықтарды айқындайды.

Оқытудың нәтижесі № 10

Жүк алушылардың жасалған шарттар бойынша міндеттемелердің орындалуын және ілеспе құжаттаманың дұрыс ресімделуін тексереді.

Оқытудың нәтижесі № 11

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы білімдерін көрсетеді, осы салада ғылыми зерттеулер жүргізуге заманауи әдіснамалық және теориялық тәсілдерді қолданады.

Оқытудың нәтижесі № 12

Тасымалдауды ұйымдастыру мен технологиясын, тасымалдау процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын негізге ала отырып, жолаушылар және жүк тасымалы сапасының көрсеткіштерін талдайды.

Оқытудың нәтижесі № 13

Авиациядағы технологиялық процестерді, соның ішінде ықтимал ақаулар мен ақауларды анықтау мен жоюды талдайды және бағалайды.